2026-2027 оқу жылындағы қыркүйек айында 10-сыныптарда жүргізілген сынып жетекшілерінің тәрбие жұмыстарына
АНЫҚТАМА

2026 жылғы қыркүйек айында 10-сыныптарда тәрбие жұмысы жоспарға сәйкес жүргізілді. Сынып сағаттарының негізгі мақсаты білім алушылардың азаматтық жауапкершілігін, отбасылық құндылықтарын, көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру, қауіпсіздік мәдениетін арттыру және буллингтің алдын алу.

1. «Білім күні»

Өткізілген күні: 01.09.2026 ж.

Тақырыбы: «Қазақстан Республикасының Конституциясы: Адал азамат, зерделі ұлт және жауапты қоғам қалыптастырудың негізі»

Сынып сағаты барысында білім алушыларға Конституцияның қоғам өміріндегі маңызы, азаматтың құқықтары мен міндеттері, адалдық, жауапкершілік және қоғамдық тәртіп туралы түсіндірілді. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, жаңа оқу жылындағы мақсаттары мен міндеттерін белгіледі.

Қауіпсіздік сабағы №1: «Қазақстандағы сенім телефондары мен жедел қызметтердің нөмірлері».

Оқушылар төтенше жағдай кезінде жедел қызметтерге жүгіну тәртібімен және қажетті байланыс нөмірлерімен таныстық.

2. «Мен және менің отбасым»

Өткізілген күні: 07.09.2026 ж.

Сынып сағатында отбасының адам өміріндегі орны, ата-анаға құрмет, өзара түсіністік пен жауапкершілік мәселелері талқыланды. Білім алушылар отбасындағы өз міндеттері мен жауапкершіліктері туралы ой бөлісті.

Қауіпсіздік сабағы №2: «Қазақстанда балалардың құқықтары қалай қорғалады?»

Сабақ барысында балалардың негізгі құқықтары, оларды қорғау жолдары және қиын жағдайларда көмекке жүгіну мүмкіндіктері қарастырылды.

3. «ДОСБОЛІКЕ» буллингтің алдын алу

Өткізілген күні: 14.09.2026 ж.

Жоба тақырыбы: «Шабыттандыратын көшбасшы»

Жоба кезеңі: «Көшбасшы деген кім?»

Сынып сағатында көшбасшылық қасиеттер, жауапкершілік, өзара сыйластық және ұжымдағы жағымды қарым-қатынас мәселелері қарастырылды. Оқушылар көшбасшыға тән қасиеттерді талқылап, өзара қолдау көрсету мен буллингтің алдын алу жолдарын қарастырды.

Қауіпсіздік сабағы №3: «Алаяқтардың амалына қалай түспеуге және өздеріңізді табыстың күмәнді түрлерінен қалай қорғауға болады?»

Білім алушылар интернеттегі және күнделікті өмірдегі алаяқтық әрекеттердің негізгі белгілерімен танысып, күмәнді ұсыныстардан сақтану, жеке деректерді қорғау және қауіп туындаған жағдайларда дұрыс әрекет ету жолдарын талқылады.

Қорытынды

Қыркүйек айында 10-сыныптарда жоспарға сәйкес 3 сынып сағаты және 3 қауіпсіздік сабағы өткізілді. Іс-шаралар барысында білім алушылардың азаматтық жауапкершілігін, отбасылық құндылықтарын, көшбасшылық қабілеттерін, өзара сыйластық мәдениетін және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді.

Сынып сағаттары оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылып, пікір алмасу, талқылау және практикалық жағдаяттарды қарастыру әдістері қолданылды.

Сынып жетекші әдістеме бірлестік жетекшісі: Ұ.Арапбай

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.К.Өтеш